

Э.Б. Сактаганова¹ , Н.Д. Четин^{2*} 

¹Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,

²Ахи Эвран атындағы Қыршехир университеті, Түркия, Қыршехир қ.,

*e-mail: nursulu@mail.ru

ЗАҢҒЕР СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЕВ ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Мақалада ХХ ғасырдың басында Ұлттық мемлекет құруды мақсат етіп, Алаш орда қозғалысына қатысқан аса көрнекті қайраткерлердің бірі, заңгер, аудармашы, ұзақ жылдар бойы халқына беймәлім болып келген Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың шығу тегі, өмір жолы, туып өскен ортасы, студенттік кезеңі, оқыған оқу орындары мен бағалары, отбасылық жағдайы, қоғамдық-саяси қызметі, заң саласында мамандануы, сондай-ақ осы саладағы шығармашылық жұмыстары тарихи деректерге сүйене отырып зерттеледі. Қадырбаевтың қазақ сот жүйесі, қылмыстық құқық пен іс жүргізуіне қосқан үлесі мен заң саласындағы аудармалары туралы да деректер келтіріледі. Зерттеушілер Торғайлық заңгер, аудармашы, қазақ зиялысы Сейдәзім Қадырбаевтың өмірбаянын ұлт-азаттық күрес тарихының ұмыт қалған «ақтаңдақ» беті ретінде зерделеп, ғылыми объективтілік тұрғысынан қазақ тарихындағы алатын орны мен Ұлттық мемлекет құру жолындағы жасаған қызметтерін ашып көрсету үшін деректік базаны анықтау, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу қажет деп есептейді. Мақала жазу барысында мерзімді баспасөз материалдары, ғылыми әдебиеттер материалдары, күні бүгінге дейін ғылыми қолданысқа енген архив құжаттары бір-бірімен жан-жақты салыстырылып, ғылыми тұрғыдан талдау жасау арқылы қолданылды.

Түйін сөздер: заңгер, заң, Наркомюст, Қылмыс заңы, Ақы заңы, Жер заңы, Неке.

E.B. Saktaganova¹, N.D. Chetin^{2*}

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Kirshahir Ahi Evran University, Turkey, Kirshahir,

*e-mail: nursulu@mail.ru

Some moments of the life of a lawyer Seidazim Kadyrbayev in historical sources

The article examines one of the participants of the Alash Orda movement, Seidazim Kulumukhameduly Kadyrbayev's life, place of birth, student life, Social and political activities, specialization in the legal field and creative work in this area which seeks to create a national state in the early twentieth century. In addition, the article refers to Kadyrbayev's translations into the legal sphere, Kadyrbayev's contribution to the development of the Kazakh judicial system, criminal law and production. The researcher believes that in order to reveal the role of the Torgai lawyer, translator, Kazakh intelligentsia, Seidazim Kadyrbayev in the history of Kazakhstan and its activities on the way to creating a national state, it is necessary to study from the source point of view. When writing the article, periodical materials, scientific literature materials, as well as archival documents that were not included in scientific circulation were compared with each other and used for scientific analysis.

Key words: S.Kadyrbayev, People's Commissariat of Justice, lawyer, law, Criminal law, Payment law, Land law, marriage, Home and care law, the law on the conduct of paid cases, translator, political figure.

Е.Б. Сактаганова¹, Н.Д. Четин^{2*}

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Университет Кыршехир имени Ахи Эвран, Турция, г. Кыршехир,

*e-mail: nursulu@mail.ru

Исторические источники о некоторых моментах жизни юриста Сейдазыма Кадырбаева

В данной статье исследуется жизненный путь алашординца Сейдазыма Кулмухамедулы Кадырбаева, а именно место его рождения, студенческие годы, учебные заведения, в которых он получал образование, семейное положение, его общественно-политическая деятельность, юридическая специализация, переводческая и творческая деятельность, как одного из видных создателей национального государства и деятеля Алаш-Орды начала XX века, который долгое время был неизвестен казахскому народу. В статье представляется информация о вкладе Сейдазыма Кадырбаева в казахстанскую судебную систему, уголовное и процессуальное законодательство, а также его неоценимых переводах в области права. Авторы статьи считают, что в целях раскрытия роли тургайского юриста, переводчика и казахского интеллигента, активного деятеля Сейдазыма Кадырбаева в построении национального государства необходимо изучать, исследовать и внедрять в научный оборот объективные архивные материалы о жизнедеятельности национального освободителя, который был незаслуженно забыт в истории независимого государства. При написании статьи проводился анализ и сравнение данных архивных документов с материалами периодических изданий и научной литературой, которые по сегодняшний день не были использованы и изучены.

Ключевые слова: С. Кадырбаев, юрист, Наркомюст, уголовное право, земельное право, брак, семейное и опекуновское право, переводчик и политический деятель.

Кіріспе

Алаш қозғалысының дүниеге келуі ХХ ғасырдың басында болып өткен қоғамдық-саяси оқиғалармен тығыз байланысты болды. Тарихи оқиғаларды атап айтар болсақ, жәдидшілдік қозғалысы, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, Алаш қозғалысы, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, оларға жалғасқан азамат соғысы және Кеңес Үкіметінің орнауы қазақ қоғамына, соның ішінде алашшыл зиялылардың өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді. Осынау қиын-қыстау заманда ел мен жер тағдырын тереңнен ойлаған ұлт қайраткерлері мәселенің өз халқының мүддесіне сай шешілуі бағытында нақтылы жұмыстар жасап, саяси күреске араласты. Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялылары қазақ халқын өркениетті мемлекет етіп қалыптастыруды саяси күрестің негізгі мақсаты етіп қойды.

Қазақ зиялылары ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамының ең негізгі мәселесі болған отарлық езгіге қарсы халықтың ұлттық санасын оятып, өзара бірлікке жеткізу мақсатында біртұтас идеологияның қажеттілігін түсінді және оны жаңа кезеңге сай жүйелеп, қалыптастыру жолында орасан зор еңбектер атқарды. Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде халық арасынан суырылып шығып, саяси сахнада реформаторлық, мемлекеттік-саяси көзқарастармен, туған хал-

қының қамы үшін аянбай тер төккен озық ойлы биік тұлғалардың тарихта өз іздерін қалдырары ғасырлар бойы дәлелденген ақиқат. Бірақ, Кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайында ұлтымыздың белгілі тұлғаларының ғұмырнамасын зерттеуге мүмкіндік берілмеді. Олардың көзқарастарын бағалауда әділетсіздікке, бұрмалауға жол берілді. Олардың шын мәніндегі халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі саналы түрде бұрмаланып қана қоймай, оларға «ұлтшыл», «буржуазияны жақтаушы», «үстем тап өкілі» тағы басқа айыптар тағылды. Кеңес тарихшылары қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысын мүлдем жоққа шығарып, сол арқылы біртұтас алаш идеясы жолындағы «Алаш» қайраткерлерінің жанкешті күресін тарихтан сызып тастауға ұмтылды. Кеңестік тарих ғылымы большевиктердің біржақты идеологиясы қыспағында болып, таптық бағалау қағидасы негізінде жалған мағынада жазылды және қазақ ұрпағының санасын коммунистік режимге қажетті идеялармен уландырды. Соған сәйкес қазақ ұлтының әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына зор үлес қосқан алаштық интеллигенцияның тарихына байланысты зерттеулер жүргізілген жоқ. Бұл Қазақстан тарихында «ақтаңдақ» беттер болды.

Жоғарыда аталған жағдайлар Алаш қозғалысының – бір жылдың немесе екі-үш жылдың жемісі емес, өзінің бастау көздерін 1917 жылдан

әлдеқайда бұрын алатын ішкі эволюциялық жолы бар пісіп-жетілген ұлы қозғалыс болғандығын нақтылай түседі. Оны Алаш тарихын зерттеген зиялы қауым өкілдері айтып та, жазып та жүр. Алаш қозғалысының басталу кезеңі жөнінде әңгіме болғанда, көбінесе, 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқаралы құзырхаты айтылады. Біздің ойымызша да, Алаш қозғалысының өріс алуы осы тұстан басталады. Оның саяси-тарихи себептері ретінде, ең алдымен, осы тарихи кезеңде ұлт мәселесін көтере алатын, оны қалың бұқараға жеткізе алатын ұлттық зиялы қауымның қалыптаса бастағандығын айтамыз.

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің жаңа кезеңі 1980 жылдардың соңына қарай басталды. Оған жол ашып берген бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру үдерісі, соған байланысты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанынан тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасын қайта қарау үшін құрылған комиссияның шешімдері болды» деп атап көрсетеді тарихшы, алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2008: 26). Аталған кезеңнен бастау алған бұл іс нәтижесінде Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда үкіметі және Алаш қайраткерлері мен олардың шығармашылық мұралары туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Атап айтар болсақ, отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып Алаш мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеп, Алаш қайраткерлерін тұлғалық, хәм қайраткерлік қызметін, зерттеудің әдіснамасын жолға қойған алаштанушы К. Нұрпейсовтің (Нұрпейсов, 1995), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995), Ғ. Ахмедовтың (Ахмедов, 1996), Д. Аманжолованың (Аманжолова, 1994) зерттеулерінде Алаш қозғалысының қалыптасуы мен халқымыздың ұлттық санасының жаңғыруы, автономиялық республика құру, ұлт мәселесі жөніндегі қайраткерлеріміздің қызметі мұрағат деректері негізінде қарастырылған және бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табууда.

Отандық ғалымдармен қатар Алаш қозғалысының тарихына қызығушылық танытқан шетелдік зерттеушілер де бар. Олардың бір қатарына тоқталатын болсақ: «Өркениеттердің жанасуы: Америка мен Ресейдегі ішкі отарлауды салыстыру» атты еңбектің авторы, Америкалық тарихшы, Солтүстік Каролинадағы Шарлотт университетінің профессоры Стив Сабо (Steven, 2017) мен «География цивилизаций: простран-

ственный анализ деятельности Казахской интеллигенции, с середины девятнадцатого до начала двадцатого века» атты мақаланың авторы жапондық Томохико Уяманы (Tomohiko, 2000: 70-99) және Түркиялық Әбдіуақап Қараның М. Шоқай (Қара, 2012: 372) туралы жазған еңбектерін айтуға болады.

Соңғы кезеңдерде Түркиядағы түркі республикаларының тарихы талқыланатын басылымдарда Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметі, Алаш қозғалысы жайлы мәліметтермен қатар ғылыми тұрғыда магистрлік және докторлық диссертациялардың тікелей тақырыбы ретінде зерттелгені байқалды. Атап айтар болсақ, Ибраһим Қалқан «1913-1918 Yılları Arasında Kazaklarda Siyasi Fikir Olusumu: Kazak Gazetesi ve Alas Hareketi» (1913-1918 жж. арасында қазақтардағы саяси ой-пікірдің қалыптасуы: «Қазақ газеті» және «Алаш») (Kalkan, 1999), Күлдария Маймакова «20. yy. Basında Kazakistan'da Siyasi Durum: Alas Orda Hareketleri» (20 ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси жағдай: Алаш Орда әрекеттері) (Maımakova, 2001), Мира Кадирова «Alas Partisi Gazetesi: Kazak (1913-1920 Kazak Basinindeki Etkisi)» (Алаш партиялық газеті: 1913-1920 жж. қазақ баспасөзіне әсері) (Kadırova, 2016), Гүлжанат Құрманғалиева «Stalins Great Purges and the Penal System: The Case of the Kazak Intelligentsia» (Сталиндік қуғын-сүргін және жазалау жүйесі: Қазақ зиялылары) (Kurmangaliyeva, 2003) атты магистрлік және Гүлжанат Сакенова «Kazakistandaki Alas Milli Kurutulus Hareketi ve Turkiye'deki Milli Kurtulus Hareketi ile Mukayesesi (1917-1923)» (Қазақстандағы Алаш ұлт-азаттық қозғалысы мен Түркиядағы ұлт-азаттық қозғалыстарының салыстырмалы анализі (1917-1923 жж.)) (Sakenova, 2002), Юнус Эмре Гүндүз «Milliyetçilik ve Sosyalizm Arasında: Kazak Alas Orda Hareketinde Sureklilik» (Ұлтшылдық пен социализм арасындағы Алаш Орда қозғалысы) (Gunduz, 2007) атты докторлық диссертация жұмыстарына арқау болғанын көруге болады.

Сондай-ақ Түркия елінің астанасы Анкара қаласында, Түрік Тарих Қоғамы, Гази университеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Өкілетті Кеңесі ынтымақтастықта ұйымдастырып өткізген «Түрік әлеміндегі ағартушылық қозғалыстар: Алаштың 100 жылдық мерейтойы» атты халықаралық конференция сияқты ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Аталған конференцияда Тұран түрік әлемінің ағартушылық қозғалыстарында ерекше орын алатын Алаш

қозғалысының маңыздылығы және XX ғасырдағы отарлық саясатқа қарсы Түркияда Мұстафа Кемалдың басқаруымен болған қозғалыстарды Қазақстандағы Алаш қозғалысымен салыстыра отырып, Алаш қозғалысына жан-жақты баға беру іспеттес бірқатар мәселелер қаралды (<https://www.ttk.gov.tr/haberler/alas-aydinlari-ankarada-aniliyor/>).

Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 38-ші Бас конференциясында, Алаш Көшбасшысының туғанына 150 жыл, Ұлы мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов ЮНЕСКО-ның 2016 жылғы еске алу және мерекелеу мерейтойлары бағдарламасына енгізіліп, 2016 жылдың наурыз айында Гази университетінің Түркология ғылыми зерттеу орталығы мен Ахмет Яссауи университеті, Түрік Халықаралық академиясының ұйымдастыруымен Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына арналған конференция өткізген. Конференцияда Әлихан Бөкейхановтың Алаш операциясының жетекшісі ретіндегі саяси қайраткерлігімен қатар, газет жазушысы, ғалым, экономист, мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырушы, тарихшы, этнограф және т.б қырлары кеңінен қаралды (http://www.ayu.edu.tr/etkinlik_detay/5).

Түркияда Алаш туралы ақпарат беретін алғашқы еңбектердің бірі – 1955 жылы жарық көрген Решит Рахмети Араттың Ислам энциклопедиясына арнап жазған Қазақстан мақаласы болатын. Мақалада Қазақстанның физикалық географиясы мен экономикалық жағдайы туралы мәліметтермен қатар тарихи мәселелер баяндалған бөлімінде Алаш партиясы туралы айтылады («Қазақстан» Ислам энциклопедиясы, 1955). Осылайша, ол кезеңде Қазақстанда Алаш және Алаш қайраткерлерінің есімдеріне тыйым салынған кезде шетелде, бауырлас түрік елінде қазақ ұлтының мақтан тұтар ұлы тұлғалары жазылып келді. Жоғарыда аталған ғылыми жұмыстар мен іс-шаралардан өзге, шетелдік зерттеушілердің Алаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялыларының өмірі мен еңбектеріне арналған зерттеулер күн өткен сайын көбейіп келгендігін көреміз. Отандық ғалымдармен қатар шетелдік зерттеушілердің де Алаш қозғалысы тарихына қызығушылық танытуының артуы тақырыптың өзектілігін нақтылай түседі.

Сейдәзім Қадырбаевтың өмір тарихына қатысты кейбір деректер

Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық

еңбектерін бағалау – есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы болып табылады. Жалпы Алаш тарихын зерттеу Қазақстандық тарихнамада ел танудың, замантанудың оңтайлы шарасы болды. Сондықтан қоғамды алаш зиялыларының шығармашылық мұраларымен таныстыру және Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қоғамдық қызметі мен саяси көзқарастарын талдау мақсатында жеке тұлғалардың өмірін, атқарған қызметін зерттеу маңызды құбылыс.

Сондай тұлғалардың бірі – Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, белгілі заңгер, аудармашы Сейдәзім Қадырбаев. Сейдәзім Қадырбаев – ұлтын, елі мен жерін сүйген патриот. Бірақ оның өмір жолы жемісті еңбектерімен қатар қасіретке де толы болды. Сол себепті ұлтжанды тұлғаның қоғамдық-ағартушылық, ғылыми қызметін объективті бағалап, шынайы көрсету бүгінгі міндетіміз.

Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген заңгер, аудармашы, саяси қайраткер, алайда зерттелмеген ақтандақтар қатарында орын алуда. Халқымыздың тарихында елге елеулі еңбек сіңірген, ұлт мүддесі үшін қызмет еткен айтулы тұлғалардың бірі болған Сейдәзім Қадырбаев туралы және оның аудармалары мен заң саласындағы кітаптары төте жазумен жазылғандықтан және біздің елімізде емес, шет жерлердегі мұрағаттарда сақталғандықтан, оның көптеген еңбектері бізге әлі күнге дейін беймәлім болып отыр.

Сондықтан, бұл зерттеуімізде Сейдәзім Қадырбаев туралы азды-көпті зерттеулермен қатар жаңа тарихи мәліметтер мен қолжетімді мұрағат көздерін негізге алатын боламыз.

Сейдәзім Қадырбаев 1885 жылы Торғай уезі, Наурызым болысында дүниеге келген. Осы уақытқа дейін ғылыми айналымға енген деректердің барлығында, тіпті ҚР ОММ-нан алынған құжатта, өмірінің 28 сәуірі 1922 жыл мен 1927 жылдың 22 тамызы аралығын қамтитын Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың жеке ісінің 1-бетінде тіркелген «Послужной список» атты, 1922 жылдың 22 желтоқсанында өз қолымен толтырылған құжатта мынадай мағлұматтар кездеседі.

Біріншіден аты-жөні, тегі деген бағана бойына «Кадирбаев Сейдазим Кулмухаметович» (ҚРОММ. 1541-қ. 3201-іс: 1) деп толтырылған. Бұдан аңғаратынымыз Сейдәзімнің әкесінің аты «Терең тамыр» атты тарихи-этнографиялық хикаяттағы «Наркомюст наркескені» бөлімінде және аталған кітаптың соңғы беттерінде берілген

өтей руының шежіресінде де, тағы да басқа деректерден көргеніміздей Құлмағамбет емес, Құлмұхамед екендігін көруге болады. Бұл дерек «Торғай елі» энциклопедиясында дұрыс берілген (Торғай елі, 2013: 235).

Екіншіден, 1905 жылдың 28 шілде мен 1918 жылдың 14 қыркүйек аралығын қамтыған «Дело канцелярии председателя Оренбургского Окружного суда. О службе Мирowego Судьи Тургайского уезда Сейдазыма Кулмухамедовича Кадирбаева» атты істен, бұрын-соңды ғылыми айналымға енген тың мәліметтерді таптық. Мысалға бұған дейін жарық көрген ғылыми еңбектер мен бұқаралық ақпарат құралдары, газет, журнал беттерінде жарияланған мақалалардың бәрінде де және осыған дейін қаралған мұрағат құжаттарында да «возраст/ год рождения» деген бағаналардың бойында Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың туған жылы көрсетілгенімен нақты қай айдың қай күні туылғандығы көрсетілмеген болатын. Жоғарыда аталған мұрағат құжатының бірінші бетінде Сейдәзім Қадырбаевтың туылған күні 30 маусым 1885 жыл деп көрсетілген. Сондай-ақ «место происхождения» деген сауалға «Торғай облысының Торғай уезді, Наурызым болыстығына қарасты №1 ауылда» (Орынбор ОММ 57-қ 275-іс:1) туылғандығын жазған. Бұл мұрағаттан алынған дерек 2009 жылғы 4 сәуірде Егемен Қазақстан газетінде жарияланған ««Наркомюст» наркескені» атты мақаладағы Сейдазым Қадырбаев №9 ауылда туған деп баяндалған мәліметті теріске шығарады (Әлім, 2009: 5). Сонымен, Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев 1885 жылы 30 маусымда Торғай уезі, Наурызым болысындағы Сарыкопа бойында 1-ші ауылда дәулетті шаруаның отбасында дүниеге келген.

Студенттік кезеңі

Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың қоғамдық-саяси көзқарасы Ресей империясының қазақ даласындағы отаршылдық әрекетінің күшеюі кезеңінде қалыптасты. XIX ғасырдың соңындағы қазақ даласын басқару жөніндегі реформаларына сай Ресей империясының құрамындағы Қазақстанның экономикалық және саяси-әлеуметтік дамуы көшпелі қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріне жат болды, сондықтан қазақ қоғамы өз ерекшелігінен ажыратылып жатты. Патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясаты рухани және мәдени құрылымын да айналып өтпеді, оның дамуына жасанды түрде шектеулер мен

тежеулер қойып, барлық ұлттық ерекшеліктерді жою арқылы орыстандыру саясатын күшейтті. Қазақ даласында отарлау саясатын қарқындатуда империя мүддесін көздейтін білім беру орындары көптеп ашылды. Соның салдарынан білімге құштар қазақ жастары амалсыздан осындай білім ордаларында оқуға мәжбүр болды. Бұл білім ордалары қазақ балаларының діни сипаттағы тәрбиесіне, оларды орыстандыру әдістерін жетілдіру мәселелеріне көп көңіл бөлді. Осындай оқу орындарынан білім алған қазақ жастарының бірі – Сейдәзім Құлмұхамедұлы болатын.

Сейдәзімнің атасы Қадырбай Байғозин де ескіше оқыған, орысшаға да жүйрік, ел билеген, халық арасында аса беделді, дәулетті кісі болған. Ол Торғай ауданының Өтейлерге қарасты төрт болыс еліне билігін жүргізген. Немересі Сейдәзімнің европаша білім алуына да осы атасының ықпалы тиген (Дастанов, 2009: 5). Әкесі – Құлмағамбет, ол да есті сөзге үйір, баталы кісі болған деседі (<https://turkystan.kz/article/89605>). Құлмұхамед те балаларын жастайынан оқуға берген.

Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатындағы Сейдәзім Қадырбаевтың жеке ісінде Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесін 1901 жылы 3 мамырда оқып бітіргендігі жөніндегі №55 куәлігі тіркелген. Куәліктен төмендегідей мәліметтерді көруге болады: «Свидетельство. Воспитанникъ Тургайского русско-киргизского двух класснаго училища Тургайского уезда, Тургайской области Сейдазыма Кадирбаева родившійся въ июнь месяца 1885 года окончилъ курсъ ученья двух класснаго училища Министерства Народнаго Просвещенія при поведеніи отличномъ и успехахъ: по вероученію отличномъ (5), русскому языку отличномъ (5+), чтенію отличномъ (5+), арифметике и геометріи отличномъ (5+), русской исторіи отличномъ (5+), географіи отличномъ (5+), естествоведенію отличномъ (5+), пенію не обучался, чистописанію и черченію отличномъ (5+), переплетному ремеслу хорошемя (4), гимнастика отличномъ (5+). Въ чьмъ и выдано ему, Кадирбаеву сіе свидѣтельство за подписью преподавателей и печатью училища 3 мая дня 1901 года. Городъ Тургай Заведывающій Тургайскимъ двухкласснымъ училищемъ, учитель И. Григорьевъ» (Орынбор ОММ 57-қ 275-іс: 7).

Аталған оқу орны 1860 жылы Ресей өкіметінің оқу жүйесінде жасаған реформасына орай құрылды. Оның шәкірттері бастапқы екі жыл даярлық класында оқыды. Негізгі білім екі жылдан кейін беріледі.

Міне, бұл келтірілген фактілерден төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, шәкірттері бастапқы екі жыл даярлық сыныбында оқып, негізгі білім екі жылдан кейін беріледі десек, онда Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев 12 жасында Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесіне қабылданып, 1897-1899 жылдар аралығында дайындық сыныбында оқыса, 1899-1901 жылдар аралығында негізгі білімді алып, барлығы төрт жыл оқып 16 жасында аталған оқу орнын тамамдаған. Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев училищеге 12 жасында, яғни өзіндік ой-пікірі, көзқарасы әлі толық қалыптаспаған шағында келеді.

Екіншіден, оқу орнын бітіргендігі жөніндегі №55 куәліктен училищеге оқыған пәндері мен алған бағалары көрсетілген. Сейдәзім Құлмұхамедұлының «өте жақсы» деген бағаға оқығанын, тек «переплетное ремесло» пәнінен «жақсы» деген баға алғанын, қалған барлық сабақтан өте жақсы «5+» деген баға алып оқығанын көре аламыз (Орынбор ОММ 57-к 275-іс: 7).

С. Қадырбаев 1901 жылы 7 тамызда Орынбор Қырғыз мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданады. Қолда бар мәліметтерге жүгінсек, 1902 жылы 7 мамырда 2 сыныпта барлығы 15 оқушы болғанын көруге болады. Оның үшеуі екінші мәрте сол сыныпта оқуға қайта қалдырылған. Қалған 12 оқушы үшінші сыныпқа көшірілген. Сол үшінші курсқа көшірілген он екі оқушының алтауы екінші дережелі марапатпен ауыстырылған. Алты оқушының бірі Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев болып табылады.

1901 жылы Орынбордағы қазақ мұғалімдерін даярлайтын мектепке қабылданып, 1905 жылы оны үздік бағамен тамамдаған. Оқу бітірген соң, оқытушылық жолға түспей, құқықтық-саяси бағытты таңдаған. Училищеге орыс тілі, география, арифметика, ислам шарттары, араб-парсы тілдері оқытылды. Мұғалімдер көбіне орыс тілді адамдар болды, тек ислам сабағы қазақ тілінде өткізілді. Училищеге екінші сыныпта педагогика, орыс тілі, география, арифметика, геометрия, тарих, дүниетану пәндері оқытылды. Оқытылған пәндер бойынша Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың білім көрсеткіші: педагогика «4», орыс тілі «4», география «4», арифметика «4», геометрия «3», тарих «4», дүниетану «3».

1904 жыл 4 мамырдағы Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің 3 сынып оқушыларының алгебра және геометрия пәндерінен жылдық қорытындысының ведомостынан Сейдәзімнің

көрсеткіші – 5/5 болса, 1904 жылдың 24 сәуірінде жаратылыстану пәнінен қабылданған емтихан қорытындысы бойынша «5» өте жақсы деп бағаланғанын көруге болады (Орынбор ОММ 57-к 275-іс: 27). Бұл мәліметтерден көріп отырғанымыздай, Сейдәзім Құлмұхамедұлы екінші сыныпта екі пәннен, яғни геометрия және жаратылыстану пәндерінен ғана білім көрсеткіші қанағаттанарлық болса, үшінші сыныпта аталған пәндерден білім көрсеткіші екі пән бойынша да 5-өте жақсы деген көрсеткішке көтерілген. Бұл өзгеріс бізге Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың жастайынан білімге құштар, қабілетті, бар күш-жігерін білім алуға жұмсады деп ой түйімізге негіз болады. Барлық оқу жылдары барысында тәртібі өте жақсы. Барлық пәндерден «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға оқығанын көреміз.

Орынбор Қырғыз Мұғалімдер мектебінде 4 жыл оқып, 1905 жылы 13 мамырда оқу орнының толық курсы оқып шыққан Сейдәзім Қадырбаевқа осы мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен бастауыш сынып мұғалімі дережесімен №305 куәлік беріледі. Орынбор Қырғыз Мұғалімдер мектебінде алған білімі үшін Қадырбаев 6 жыл қырғыз бастауыш мектебінде мұғалім болып қызмет істеуге міндетті болды. Себебі біз қарастырып отырған кезеңде оқу ақылы болғандықтан қазақ студенттері ата-анасының қаржысына немесе қазақ қауымының жүйелі түрде облыстарда білімге деп жиналған есебінен арнаулы стипендиямен білім алады. Оның өзі шектеулі, санаулы болды. Сондай студент, стипендияттардың бірі, Торғай облыстық басқармасының қазыналық есебінен оқыған Қадырбаев Сейдәзім Құлмұхамедұлы болып табылады.

Сейдәзім Құлмұхамедұлының оқу орындарында алған біліміне қатысты келесідей де мәліметтер бар. 2009 жылы «Мысты өңір» газетінде жарық көрген Абдолла Дастановтың «Заңсыз атылған заңгер Сейдәзім Қадырбаев Алаш ардақтыларының бірі еді» мақаласында «Ол кісі туралы үлкендер жағы «Петербордағы заң институтында оқыған» деп те отыратын. Бірақ, нақты анық-қанығын білмеймін – дейді» (Дастанов, 2009: 5) деп жазса, ал Берік Әбдіғалиұлының «Алаш әскері. 1918-1920 жж.» атты кітабында «Білімі – аяқталмаған жоғары» (Әбдіғалиұлы, 2017: 52) деген дерек бар. Сондай-ақ заң ғылымдарының докторы У.С. Жекебаевтың «К вопросу о преэминентности в уголовном праве» атты мақаласында «... выпускник юридического факультета Санкт-

Петербургского Университета Сейдазым Қадырбаев, друг Миржакипа Дулатова» (Жекебаев, 2013:44) деген мәліметтерді береді. Алайда, Сейдәзім Қадырбаев жайлы осы кезеңге дейінгі қаралған мұрағат деректерінде тек жоғарыда аталған Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесі мен Орынбор Қырғыз мұғалімдер мектебін бітіргендігінен өзге, арнайы заң оқу орындарында оқыды деген мағлұматтар кездеспегендіктен, бұл ақпараттар әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Қалай болғанда да Сейдәзім Қадырбаевтың оқыған оқу орындары білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды. Алайда Сейдәзім Қадырбаев Орынбор Қырғыз мұғалімдер мектебін үздік бағамен тамамдаған соң, оқытушылық жолға түспей, құқықтық-саяси бағытты таңдаған.

Қызметі мен шығармашылығы

XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін, яғни қазақ балалары заң ілімін оқып, меңгергенге дейінгі уақыт аралығында қараша елдің құқы тапталып, орыс билеушілері ойларына келгенін істеп, алым-салықты көбейтіп, қазақтың жерін тартып алып, бекініс, қала салып жатты. Елінің саяси-құқықтық көзқарасының төмен екенін, көп жұрттың оқымаған қараңғы екенін ескеріп, кейінгі ғұмырында бодандықтағы сорлы ұлысының құқығын көтеремін деп күйінішпен әрі сүйінішпен іске кіріскен. Сейдәзім Қадырбаевтың «Мен қазақ зиялысы ретінде халқымның патшалық кезеңде көрген қорлығы мен қанауын сезбеуім және түсінбеуім, әрине, мүмкін емес-ті...» деп жазуы – соның айқын көрінісі (Әбеу, 2018: 107).

1905 жылы Орынбор аймақтық сотының төрағасына, соттағы аудармашылық бос жұмыс орнына жұмысқа қабылдауын сұрап жазған өтінішімен, Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің инспекторы Андрусевичтің берген мінездемесі және ұсынысы негізінде жұмысқа қабылданады. Сондай-ақ, Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін бітіргеннен кейін 6 жыл қырғыз бастауыш мектебінде мұғалім болып қызмет істеу және 360 сом қаржыны қайтару міндеттемесінен босатылды (Орынбор ОММ 57-қ 275-іс: 6).

1905 жылдан кейінгі кезеңге байланысты ҚРОММ табылған жеке ісінің 38 және 39 беттерінде тіркелген «Личный листок ответственного работника» деп аталатын құжатта Қадырбаев былай жазады: «1905-1911 жылдар аралығында Орынбор округтық сотында аудар-

машы, 1911-1917 жылдар аралығында Орынбор округтық сотында хатшы», ал 1917 жылдан кейін деген кестеде: «1917 жылдың наурыз-шілде айларында Орынборда Торғай облыстық азаматтық атқару комитетінің мүшесі, 1917 жылдың шілде және қараша айларында Торғайда мировой судья, 1917 жылдың қараша айынан 1919 жылға дейін Алаш орда мүшесі, 1920 жылдан 1921 жылдың шілде айы аралығында Орал губерниясының халықтық сот кеңесінің мүшесі, 1921 жылдың шілде айынан қазіргі уақытта Орынборда Наркомюстта бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым» (ҚРОММ. 1541-к. 3201-іс: 38-39).

1921-1929 жылдар аралығында Орынборда Қазақ АКСР Халық Комиссариатының заңшығару және сот ісін бақылау бөлімінде меңгеруші болып жұмыс жасайды. Наркомюстта қызмет еткен жылдары 1924 жылы Орынбор қаласында «Қылмыстық істерді жүргізу заңын» қазақ тіліне тәржімалады. Аудармасын басқарушылар: Дулатұлы, Қадірбайұлы, Арыстанбекұлы. Бұл кітаптың аяғында «Қылмыстық істерді жүргізу заңына қосымша іс жүргізу үлгісі» де бірге басылған. Жалпы кітап 115 беттен және 34 бет қылмыстық істерді жүргізу үлгісінен тұрады. Сейдәзім Қадырбайұлы «Қылмыс заңына» барша өзгерістер, қосымшалар мен түзетулерді енгізіп, 1925 жылы қайта баспаға береді. 85 беттен тұратын «Қылмыс заңы» Қызылорда қаласында екінші рет басылып шықты. 1926 жылы Е. Омарұлы, Д. Ғаббасұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Нұрышұлымен бірлесіп «Ақы заңын» қазақ тіліне аударды. 154 бетті құрайтын «Ақы заңы» Қызылорда қаласында жарық көрді (Дулатов, 2003: 305,351). Заңдарды қазақшаға тәржімалап, сол кездегі шала сауатты заңгерлер үшін баға жетпес көмекші құрал жасаған. Одан өзге, 1927 жылы «Жер заңы», 1928 «Нотариат туралы заң, ереже, нұсқаулар», 1930 жылы «Ақылы істерді жүргізу заңы» және «Неке, үй-іші және камкорлық туралы заң» (<https://turkystan.kz/article/89605>) кітаптары басылып шығып, сот жүйесінде зор сұранысқа ие болған.

Қадырбаевтың қазақ сот жүйесі, қылмыстық құқық пен іс жүргізуіне қосқан үлесін мына сөздерден аңғаруымызға болады: «Следует отметить, что в дореволюционный период на территории Казахстана многие уголовные дела о государственных преступлениях, убийствах, грабежах, барымте, изнасиловании рассматривались общеимперскими судами на основании Уложения 1845 г. и Уложения 1903 г. Суды биев рассматривали мелкие уголовные и граждан-

ские дела на основе обычного уголовного права и шариата. Законодательные акты царизма не переводились на казахский язык. Лишь только в середине 1920-х гг. Уголовный кодекс Российской Федерации 1922 г. был издан на казахском языке. Перевод и научный комментарий к Кодексу осуществил выпускник юридического факультета Санкт-Петербургского Университета Сейдазым Кадырбаев, друг Миржакипа Дулатова. В своих научных работах исследователь Кадырбаев С. и его последователи предлагали при разработке уголовных законодательных актов учитывать своеобразие экономического уклада и хозяйственной жизни казахов, на которое непосредственно посягает преступление (барымта, скотокрадство, преступление против личности). Исследователь С. Кадырбаев также отмечал о наличии пробелов в уголовном кодексе Российской Федерации 1922 г. В судебной практике часто правоприменитель не может найти соответствующую норму в уголовном кодексе, тогда он вынужден прибегнуть к аналогии закона, в частности к преступлениям, связанным с пережитками патриархально-феодалных отношений в Казахстане» (Жекебаев, 2013: 43-44) деген мәтінді оқи отырып, С. Қадырбаевтың төте жазу әріпімен баспадан шыққан заң кітаптарын орыс тілінен тек аударып қана қоймай, қазақ елінің тұрмыс-салтына бейімдей отырып жазғандығын көруімізге болады.

«Сендей бәріміз тәуекелшіл, өткір мінезді болсақ, мойымас жігерлі болсақ Алаштың бағы әлдеқашан жанар еді», – деп оның бойындағы асыл қасиеттерін термелеп кететін. Өзі де кей сәтте Сейдәзімге ұқсап бағатынын жасырмайтын. Сенің заңгерлік біліміңнің ұшқындарымен жанымды жаңғырта алсам, менің де айтып, жазбағым одан бетер салмақты бола түсер еді-ау деп, өзінің олқы тұсын одағайлап көрсетуден именбейтін (Әлім, 2009: 63) – деген жолдардан Міржақып Дулатовтың Сейдазым Қадырбаевтың заңгерлік білімін жоғары бағаланғандығына көз жеткізуімізге болады.

Қолда бар және ғылыми айналымға енген деректерден көріп отырғанымыздай Сейдәзім Қадырбаевтың алған білімі қазіргі теңеумен айтсақ, педагогикалық училище, яғни арнаулы

орта білім деңгейінде ғана екен. Ал, заң саласында тәжірибе жүзінде жинаған білімі болмаса, арнайы заң оқу орнында білім алып-алмағандығы жөнінде нақты дәлелді дәйек әзірге қолымызда болмағандықтан, белгілі бір арнайы жоғары заң оқу орнын тәмәмдаған деуге негізіміз жоқ. Соған қарамастан, дәуір тынысына үн қосып, жаңа қалыптаса бастаған заң саласын қажетті құралдармен қамтамасыз етуі шын мәніндегі азаматтық ерлік деп бағалауға лайық.

Қорытынды

Сонымен қорытып айтар болсақ, ХХ ғасырдың басында қазақ елінің сақталуы мен тұтастығы, теңдігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қозғалысы, алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі бүгінгі таңда әлі де терең зерттеулерді қажет ететін тақырыптардың бірі. Алаш қозғалысы өз заманында халықтың ең алдыңғы қатарлы зиялы азаматтарын топтастырған, сол тұстағы аумалы-төкпелі кезеңдерде елінің мүддесі үшін жан аямай күрескен тұлғалардан жасақталған еді. Ғұмыры қысқа болса да бұл қозғалыс қазақ тарихында өшпес із қалдырды, ең бір айтулы тарихи кезең ретінде сақталды.

Мақалада бар ғұмырын туған халқына арнаған осындай Алаш арыстарының қатарында болған тұлғалардың бірегейі – Сейдәзім Қадырбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін қарастыруға талпыныс жасалынды. Себебі, қазақ зиялысы заңгер, аудармашы, Алаш қозғалысының, Алаш партиясының, Алаш үкіметінің белсенді мүшесі Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың халықтың келешегі үшін жанпида өмір кешкен, ұлт алдындағы перзенттік борышын орындаған азаматтық позициясы, өз елінің демократиялық құқықтарын қорғау жолындағы қайраткерлігі, ел басына күн туған тарихи шешуші сәттердегі ұлт, халық мүддесін қорғауға қосқан үлесі – оның ғұмырнамасын, тұлғалық бейнесін ашу арқылы зерделенеді. Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев қазақ халқының басына түскен саяси қиыншылық заманда ел арасынан суырылып шығып елі үшін еңбек еткен азаматтардың бірі болды.

Әдебиеттер

- Аманжолова Д.А. (1994) Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. Москва: Россия Молодая.
 Ахмедов Ф. (1996) Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы: Жалын.
 Әбдіғалиұлы Б. (2017) Алаш әскері. 1918-1920 жж. Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты.

Әбеу Б. (2018). Сейдазым Қадырбайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын практикалық тұрғыда жүзеге асырудағы жас тарихшы-ғалымдардың міндеті» атты Жас тарихшы ғалымдардың VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Алматы: Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының редакциясы. Б.107-112.

Әлім Қ., Меңдібай С. (2009) Терең тамыр: Тарихи-этнографиялық хикаят. Астана: Фолиант.

Әлім Қ. (2009) Наркомюст наркескені. Егемен Қазақстан, №124 5-6 б.

Gunduz Y.E (2007) Milliyetçilik ve Sosyalizm Arasında: Kazak Alaş Orda Hareketinde Süreklilik: Doktora tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.

Дастанов А. (2009) Заңсыз аталған зангер. Сейдәзім Қадырбаев Алаш ардақтыларының бірі еді. Мысты өңір, №33, 5 б.

Дулатов М. (2003). Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. Құраст: Дулатов Г., Иманбаева С. Алматы: Мектеп.

Жекебаев У.С. (2013) К вопросу о преемственности в уголовном праве. Құқық және мемлекет, №3 43-47 б.

Kalkan Ш. (1999) 1913-1918 Yılları Arasında Kazaklarda Siyasi Fikir Olusumu: Kazak Gazetesi ve Alas Hareketi: Yuksek Lisans tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.

Kadirova M. (2016) Alas Partisi Gazetesi: Kazak (1913-1920 Kazak Basınındaki Etkisi): Yuksek Lisans tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.

Kurmangaliyeva G. (2003) Stalins Great Purges and the Penal System: The Case of the Kazak Intelligentsia: Yuksek Lisans tezi. Siyaset Bilimi ve Kamu Yonetimi Bilimler. Istanbul.

Қара Ә. (2012) Мұстафа Шоқай. Зерттеу. Түрік тілінен қазақ тіліне аударған Шадиева Г.Б. Астана: ПедагогикаПресс.

Қойгелдиев М. (1995) Алаш қозғалысы. Алматы: Санат.

Қойгелдиев М. (2008) Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп.

КРОММ. – 1541-қ– Народный Комиссариат Юстиции Кир ССР. – 3201-іс. 1-38-39 б.

İslam Ensiklopedisi. Kazakistan.(1955) МЕМ ПАБ. YI, 494-505.

Maymakova K. (2001) 20. yy. Basında Kazakistan'da Siyasi Durum: Alas Orda Hareketleri: Yuksek Lisans tezi. Sosyal Bilimler. Ankara.

Нұрпейсов К. (1995) Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек

Орынбор ОММ – 57-қ – О службе мирового судьи Тургайского уезда Сейдазима Кулмухамедовича Кадирбаева – 275-іс. 1-6-7-27-б.

Sakenova G. (2002) Kazakistandaki Alas Milli Kurutulus Hareketi ve Turkiye'deki Milli Kurtulus Hareketi ile Mukayesesi (1917-1923):Doktora tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.

Steven S. (2017) The Touch of Civilization: Comparing American and Russian Internal Colonization. Boulder, CO: University Press of Colorado, 328 p.

Tomohiko U. (2000) The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century. Sapporo:Slavic Research Ctnter, pp-70-99.

Торғай елі (2013) Энциклопедия. Құраст. Т. Рсаев. Алматы: Арыс. 235 б.

Нүсіпұлы Е. Қайта оралған қайраткер / <https://turkystan.kz/article/89605-ajta-oral-an-ajratker>. (Қаралған күні: 20.09.2020).

Алаш Айдындары Ankara'da Anılıyor / <https://www.ttk.gov.tr/haberler/alas-aydinlari-ankarada-aniliyor/> (Қаралған күні: 20.09.2020).

Doğumunun 150.Yılında Alihan Bökeyhan ve Türk Dünyası Aydınları Uluslararası Konferansı http://www.ayu.edu.tr/etkinlik_detay/5 (Қаралған күні: 20.09.2020).

References

Amanzholova D.A. (1994) Kazakhskiy avtonomizm I Rossiya. Istoriya dvizheniya Alash [Kazakh autonomy and Russia. The history of the Alash movement] Moscow, Russia Young.

Akhmedov G. (1996) Alash «Alash» bolganda: Estelikter men tarikhi derekter [When Alash is «Alash»: Memories and historical data] Almaty. Jalin.

AbugalievaB. (2017) Alash askeri 1918-1920 [the army of Alash. 1918-1920]. Astana: Kazakhstan Institute for strategic studies under the President of the Republic of Kazakhstan.

AbeuB. (2018).Saidazim Kadyrbay omiri men cogamdic saisi cizmeti. [The life and public-political activity Saidazim Kadyrbay]. Materials of the VI International scientific and practical conference of young scientists-historians “tasks of young scientists-historians in the practical implementation of the program “rukhani zhangyru”.Almaty: editorial office of the Valikhanov Institute of history and Ethnology, 107-112 p.

Alim K.,Mendybay.S. (2009) Teren tamyr. [Deep root]: Tarihi-etnografialyc hicait. Astana: Foliant.

Alim K. (2009) Narkomyust narakeskeny [Narkomyust narakeskeni] Egeмен Kazakstan, №124 5-6 p.

Gunduz Y.E (2007) Milliyetçilik ve Sosyalizm Arasında: Kazak Alaş Orda Hareketinde Süreklilik. [Nationalism and socialism, between the: Continuity in Kazakh Alas Horde Movement] Doktora tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.

Dastanov A. (2009) Zansyz atylgan zanger. Seydazim Kadirbayev Alash ardaқтыларының biri edi. [Illegally called a lawyer. Saidazim Kadyrbayev was one of the oldest members of Alash Orda activists] Mysty onir, №33, 5 p.

Dylatov M. (2003). Bes tomдық shygarmalar ginagy. [Five-volume collection of works]. Ushinshi tom: Kosemsoz, adebi-сын jane zerttey makalalary. Kyrast: Dylatov M., Imanbaeva S. Almaty: Mektep.

- Jekebaev Y.S. (2013) K voprosu o preemstvennosti v ugolovnomprave [On the issue of succession in criminal law]Kykykjane-memleket, №3 43-47 p.
- Kalkan III. (1999) 1913-1918 Yillari Arasinda Kazaklarda Siyasi Fikir Olusumu: Kazak Gazetesi ve Alas Hareketi [Political idea Formation in Kazakhs Between the Years 1913-1918: Kazak Newspaper and Alas Movement] Yuksek Lisans tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.
- Kadirova M. (2016) Alas Partisi Gazetesi: Kazak (1913-1920 Kazak Basinindaki Etkisi) [Alas Party Newspaper. Kazakh (1913-1920 Impact on Kazakh Press)] Yuksek Lisans tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.
- Kurmangaliyeva G. (2003) [Stalins Great Purges and the Penal System: The Case of the Kazak Intelligentsia] Yuksek Lisans tezi. Siyaset Bilimi ve Kamu Yonetimi Bilimler. Istanbul.
- Kara A. (2012) Mustafa ShokayZertteu. [Mustafa Soqay] Astana. PedagogikaPress
- Koigeldiev M. (1995)Alashkozgalysy [Alash movement] Almaty. Sanat
- Koigeldiev M. (2008)Alashkozgalysy [Alash movement] Almaty. Mektep
- KROMM. – 1541-q – Narodnyi Komissariat Yusticii Kir SSR. [People’s Commissariat of Justice Cyrus of the SSR. -] – 3201-is. 1-38-39 p.
- Qazaqstan Islam Enciklopediyasi (1995) [Islamic Encyclopedia of Kazakhstan]. MEB. Pab. YI. 494-505
- Maymakova K. (2001) 20. yy. Basinda Kazakistan’da Siyasi Durum: Alas Orda Hareketleri [20th century. Beginning Political Situation in Kazakhstan: Alas Orda Movement] Yuksek Lisans tezi.Sosyal Bilimler. Ankara.
- Nurpeysov K. (1995) Alash ham alashorda [Alash and Alashor] Almaty. Atatek.
- Orynbor OMM – 57-q – O slujbe mirovogo sudi Tyrgayskogo yezda Seydazima Kulmuhamedovicha Kadirbaeva [About the service of the justice of the peace Turgaidistrict, Seidazima Kulmukhamedovich Kadirbaeva]– 275-is. 1-6-7-27-p.
- Sakenova G. (2002) Kazakistandaki Alas Milli Kurutulus Hareketi ve Turkiye’deki Milli Kurtulus Hareketi ile Mukayesesi (1917-1923) [Alas national liberation movement in Kazakhstan and Comparison with the National Liberation Movement in Turkey (1917-1923)] Doktora tezi. Sosyal Bilimler. Istanbul.
- Steven S. (2017) The Touch of Civilization: Comparing American and Russian Internal Colonization. Boulder, CO:University Press of Colorado, 328p.
- Tomohiko U. (2000) [The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia’s Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century] Sapporo: Slavic Research Ctnter, pp-70-99
- Torgai eli.(2013) [Turgay Country] Inciklopediya Kurast. Rsaev T. Almaty: Arys. 235 p.
- Nusipulu E. Kaita oralgan kairatker / <https://turkystan.kz/article/89605-ajta-oral-an-ajratker>. (Date: 20.09.2020).
- Alaş Aydınları Ankara’da Anılıyor / <https://www.ttk.gov.tr/haberler/alas-aydinlari-ankarada-aniliyor/> (Date:: 20.09.2020).
- Doğumunun 150.Yılında Alihan Bökeyhan ve Türk Dünyası Aydınları Uluslararası Konferansı http://www.ayu.edu.tr/etkinlik_detay/5 (Date:: 20.09.2020).